

## **Шекара маңындағы пункттерінде терминалдар құрылысын салу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 29 қаңтар N 39-ө

Алматы облысының Қалжат, Талдықорған облысының Қорғас және Достық шекара маңындағы пункттері арқылы импортталатын тауарлардан кеден бажын және бюджет төленетін басқа да төлемдер алу тәртібін жетілдіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүктер тасымалдауға отандық автомобиль паркін пайдалану үшін:

1. "Кадар" ғылыми-өндірістік орталығының Қалжат, Қорғас және Достық шекара маңындағы пункттерінде терминалдар құрылысы және оларды пайдалану туралы ұсынысына келісім білдірілсін.
2. Алматы және Талдықорған облыстарының әкімдері Қалжат, Қорғас және Достық шекара маңындағы пункттерінде терминалдар құрылысы үшін әрқайсысына алаңы 15 га жер учаскелеріне бөліп берсін.
3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі экспорт-импорт жүктерін тасымалдау технологиясын әзірлесін.
4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Кадар" ғылыми-өндірістік орталығына Қалжат, Қорғас және Достық шекара маңындағы пункттердегі терминалдарды пайдалануға лицензия берсін.
5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасының үкіметаралық құжаттарға қол қою кезінде Қалжат, Қорғас және Достық шекара маңындағы пункттерде терминалдардың салынуы және пайдалануға берілуі туралы ұсынысты ескерсін.
6. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрлігі аталған шекара маңындағы пункттерде терминалдар құрылысын жүргізуге көмек көрсетсін және бақылауды жүзеге асырсын.

7. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК